

ҒТАР 16.31.51

Ғылыми мақала

К. Курмантай*Ораз Жандосов атындағы №105 гимназия, Алматы қ., Қазақстан**(E-mail: kurmantaykarina@mail.ru)***Жазбаша тіл дамытуда сыни пікір қалыптастырудың
лингвистикалық негізі**

Аңдатпа. Алғаш тілдік таңба мәселесімен көне ғасырларда әйгілі философтар Аристотель мен Демокрит айналысқан. Ертедегі грек философтар мен грамматиктерінен тәлім болып қалған екі бағыт бар. Оның біріншісі – тілдің элементтері (сөз, сөйлем) таңба болып саналуға тиіс; екіншісі осы таңбалар адамның ойымен пайымдауымен байланысты деген пікір. Кейінірек философиядағы «стоиктер» (стоицизм) мектебі де тілдегі таңба мәселесіне көңіл бөлді. Семиотиканың бір аспектісі ретінде тіл конкретті теориялық мәселе болып XVIII ғасырда бөлінді. XIX-XX ғасырларда тілдің таңбалық элементтері тарихи-салыстырмалы тіл білімі мен логикада қарастырылады. Басты философиялық бағыт ретінде бұл идея XX ғасырда барлық лингвистикалық, психологиялық, логикалық, эстетикалық ғылым салаларында ерекше орын алды.

Бұл мақалада тілдің таңбалық табиғатының философиялық және лингвистикалық негіздері қарастырылады. Ежелгі грек ойшылары Аристотель мен Демокриттен бастап, стоиктер мектебі, Д. Локк, Ч. Пирс, Ч. Моррис және Ф. де Соссюр еңбектерінде тілдік таңба ұғымы әртүрлі бағыттарда талданған. Автор тіл таңбасының дыбыстық (таңбалаушы) және мағыналық (таңбаланушы) жақтарына тоқталып, тілдің таңбалық жүйе ретіндегі қалыптасу жолын сипаттайды. Мақала семиотика, философия және лингвистика ғылымдары арасындағы өзара байланысты айқындайды.

Түйін сөздер: тілдік таңба, жазбаша сөйлеу, сөз, жазылым**DOI:** <https://doi.org/10.71078/n8fpwm10>

Түсті: 10.06.2025; Мақұлданды: 15.06.2025; Онлайн қолжетімді: 21.06.2025.

Кіріспе

Жазбаша тіл дамыту, жазылым әрекетінің ерекшеліктерін анықтауда қазақ тілін оқыту әдістемесінің даму тарихы, жазылым дағдыларын меңгерту тәсілдері, жаттығу үлгілері туралы жазған А. Байтұрсынұлы, К. Аханов, Ф. Оразбаева, т.б. зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасалды.

Тақырыпты жан-жақты талдау барысында Ф.Ш. Оразбаеваның «Тілдік қатынас теориясы және негіздемесі» еңбегі, К. Ахановтың «Тіл білімінің негіздері» атты еңбектері мен орыс тіл білімі зерттеушілері Л.Р. Зиндердің «Очерки общей теории письма», Ч. Лоукотка «Развитие письма» ғаламтор материалдары зерттеу жұмысымыздың дереккөздері болды.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеу жұмысында жазылым әрекетіне жүйелі талдау, салыстырмалы талдау әдісі пайдаланылды. Сонымен бірге, жинақтау, жүйелеу, талдау, топтастыру, саралау, сипаттау, әдістерінің кешенді түрде қолданылуы негізінде орындалды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

XVII-XVIII ғасырларда таңба мәселесін философ Д. Локк, Г. Кондиляк, XIX ғасырда американдық ғалым Ч. Пирс, философ Ч. Моррис, математик Г. Фреге зерттеген. Д. Локк жалпы адамзат тілін: табиғи тіл және философиялық тіл деп бөледі. Оның пікірінше, осы екі тілдің ішіндегі философиялық тіл ғылыми ұғымдардың тілі болуға тиіс. Философия тілінде материалдық таңба болып табылатын сөз бен сөйлем бар. Д. Локк сөз мағынасы мен таңбаның арасындағы байланыс шартты түрде болады дей келіп, тілдегі таңбалық қасиетті осы қатынасқа негіздесе (Локк, 1960), Н. Винер таңбалар теориясын қатысымдық күйде алып қарайды. Қазіргі кезде таңбалық жүйенің басты шығу тарихы кейбір жеке ғалымдарға телініп жүр. Ал, шындығында жеке ілім ретінде бұл құбылыстың дүниеге келуі анағұрлым күрделі, ол өмірдің заңдылығынан, әлеуметтік даму қажеттілігінен туындаса керек (Виннер, 1958: 118). Жоғарыдағы ғалымдар – оны алғаш рет теория жүзінде дәлелдегендер. Алайда, «тіл – таңбалар жүйесі» сынды мәселенің кең көлемде қойылуы Фердинанд де Соссюр «Жалпы лингвистика курсы» деген еңбегінің жарыққа шыққан кезінен басталады.

Ф. де Соссюрдің пікірі бойынша сөздің екі жағы бар: «Оның бірі – таңбалушы, екіншісі – таңбаланушы. Таңбалаушы – сыртқы жақ, ол – дыбыстардың тіркесі, комплексі. Таңбаланушы – ішкі жақ, ол – ұғым, мазмұн» (Соссюр, 1977).

Ф. де Соссюр сөздің осы екі қырын ешуақытта бірінен бірі жеке бөліп қарауға болмайды олар бір-біріне байланысты шыққан деп есептейді. Ал, шындығында, мұның қайшы пікір екендігі, таңбалаушы мен таңбаланушының арасындағы қатынастың ешқашан бөлінбейтін бүртүтас еместігі кейіннен шешілді. Тілдің таңбалық сипаты деп қатысымды құрайтын элементтердің жиынтығын (морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем) және тілдік тұлғалардың құрылысын айтамыз. Тілдегі таңбалық қызметті осы сөздердің дыбыстық жамылғышы атқарады. Дыбыстық таңбалардың бәрі бірігіп келіп бір жүйе – таңбалар жүйесін құрайды. Бірақ тілдегі таңбалық бөлшектердің жүйесін таңбалардың басқа түрлерімен, мысалы, жол бойы белгілерінің жүйесімен, цифрлар жүйесімен немесе әскери сигналдар жүйесімен бірдей деп есептеуге болмайды. Олардың арасында көп айырмашылықтар бар.

Біріншіден, тіл – ойды білдірудің, пікір алысудың адамдар арасындағы қарым-қатынастың кең көлемде қолданылатын жалпылама құралы. Оны қоғамдағы күллі адамдар өмірдің, іс-әрекеттің барлық саласында қолданады. Ал, басқа таңбалар жүйесінің қолдану өрісі тілге қарағанда әлдеқайда тар, хабарлау мүмкіндігі анағұрлым аз болады.

Екіншіден, тілдің көптеген басқа таңбалар жүйесінен айырмашылығы сол: тіл мазмұнды ғана білдіріп қоймайды, сонымен бірге адамдардың хабарланатын жайға қатысын, қалай қарайтынын ұнатуын немесе ұнатпауын, эмоцияның т.б. түрлерін білдіреді. Мәселен, стилистикалық синонимдер сөздердің эмоциональды және экспрессивті сапасына негізделеді.

М. Балақаевтың айтуынша, грамматика мәселелерін екі түрлі ыңғайда қарастыруға болады: біріншіден, тілдің грамматикалық ережелері мен заңдарын айқындау мақсатымен, екіншіден, грамматикалық тұлғалар мен грамматикалық тәсілдерді қалай пайдаланғанда, ойымыз дұрыс шығады деген тұрғыдан. Бұл екеуі өзара тығыз байланысты болғанымен, алдыңғы грамматика, соңғы стилистика ғылымының үлесіне берілуге тиіс дегенді айтады. Әдетте, стилистика ғылымының үлесіне берілуге тиіс дегенді категориялардың мәндестігін, олардың әдеби тіл стиліне қатысын қарастырады» – дей келіп, стилистика мен грамматиканың байланыстылығына айрықша назар аударады (Балақаев, 1965). Сондықтан да оқушылардың жазбаша сөйлеу әрекетін дамытуда стилистиканы қазақ тілі грамматикасымен, әдеби тіл стильдерін тілдік құралдармен байланыстыра игерту, әдеби тіл стильдерін тілдік құралдарда қолдану аясына

байланысты таныту нәтижелі болмақ. Сондай-ақ стилистика тіл мәдениеті мәселелерімен де тығыз байланысты.

Нәтижелер мен талқылаулар

XX ғасыр басына дейін тілдің ауызша және жазбаша формасы екі түрлі «дүние» ретінде, бір-біріне қарама-қарсы қойылып келгені белгілі. Жазылған сөз сол тілдің өзі, ауызша тұрпатының оның көшірмесі ретінде қабылданды. Немесе жазуы жоқ тіл зерттеу нысанына айнала алмады, тілдер қатарына саналмады. «Тіл және сөз» дихотомиясынан кейін, әлемдік жазуы бар тіл және жазуы жоқ тілдерге ажыратыла бастағаннан кейін, әрі жазуы бар тілдің әлемдік деңгейде көбеюінен сол тілдің екі формасы немесе екі түрлі тілі деген ұғымдар пайда бола бастады. Жазуы сақталған өлі тілдердің көбеюі жазу – тілдің өмір сүруінің бір формасы ма, әлде өз алдына дербес тілдік жүйе ме деген сауалдарға жауап іздеуді қажет етті. Ғалымдар «жазу өз алдына дербес тілдік жүйе», «тілдің өмір сүруінің бір формасы ғана» деген бағыттар арнасына шоғырланып, екіге бөлінді. Жазу арқылы адам баласының сонау көне дәуірден бастап біздің заманымызға дейінгі талай ғасырлар бойына ғылым мен техника, өнер саласында жасаған бүкіл мәдени байлығы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілді. Адам баласы білімді жазу арқылы, жазылғанды оқу арқылы алады. Жазу арқылы оқушылардың танымы, ойлауы артады, жазу жеке тұлға қалыптасуына да әсер етеді.

Ғалымдардың бірқатары жазуды өз алдына дербес жүйе деп, маңызын дәріптеп, мәртебесін жоғарылатты. Ал XIX ғасырда кейбір ғалымдар жазба тіл мен ауызша тіл бір-біріне қиыспайтын параллель жатқан жүйелер, тіпті біреуінде бар дүние екіншісінде қайталанбайтындай ерекшелігі бар параллельдер деп таныған. Ондай пікірдің туындауына негіз болған ағылшын жазуының сөйлеуден алшақтап кетуі еді.

Кейінгі кезде жазу ауызша тілден бұрын пайда болған деген пікір де бой көрсете бастады. Ф.В. Хаусхольдер жазба тілді ауызша тілге айналдыру ауызша тілді жазба тілге айналдыруға қарағанда оңай және ережелері аз болып шығатынын айтады. Кейбір ғалымдар тілді қолдануға оның графикалық жүйесін білу жеткілікті деді. Л.Р. Зиндер «жазудың ауызша сөзге әсері болады, мысалы Hegel-дің Гегель, Hirt-тің Хирт болып әр түрлі дыбысталып кетуі бірінші дыбыстың r, h болып таңбалануына қарай» деді (Зиндер, 1987).

Жазудың барлық типін зерттейтін «Грамматология» деген терминді ең алғаш енгізген И.Е. Гельб: «жазу адамдардың дыбыстық тілмен сөйлеуіне дейін де бар еді, кейін дыбысты әріппен жеке-жеке таңбалап беретін жазу шыққанда, ол өзінің дербестігінен айырылып, енді ауызша тілдің екінші орынбасары болып қалды», – дей келе, жазу туралы жаңа ғылым жасамақшы болған арманы орындалмағанын өзі де айтады (Гельб, 2004). Оның ізімен А.М. Кондратьев грамматология ғылымы жазу тарихын, жазу теориясын, жазу психологиясын, қолтаңбатану, жазу потологиясын, палеография, эпиграфияны қарастыратынын атап көрсетеді. Осы бағытта зерттелген А.А. Волковтың «Грамматология» және Т.А. Амированың «Функциональная взаимосвязь письменного и звукового языка» деген еңбектерін осы салаға жатқызуға болады.

Әдеби тілдің дамуына жазба тіл негіз болады. Т.А. Амирова жазба француз тілінде ауызша тіліне қарағанда морфологиялық көрсеткіштер, әсіресе зат есім, сын есім, етістік категориялары, мейлінше жетілгендігіне баса назар аударады. Сондықтан органикалық жағынан әртүрлі боп табылатын жазба тіл мен ауызша тіл біреуінен екіншісіне ауысатын немесе аударылатын тіл болып саналады деген пікір қалыптастырады. Осыған орай, ғалым графикалық лингвистика деген терминді ұсынады. Т. Амирова «Жазу жазба тіл ме, әлде тілдің жазба формасы бола ма?» деген сауалға тұрпат меженің 1) ауыспалы немесе 2) тұрақты болып қарастырылуына қарай жауап беруге болады» (Амирова, 1985), – деп жауап береді. Мұндағы бірінші жағдайда мазмұн меженің «ыңғайына» қарай жазудың

өзгерістерге көп ұшырай беріп, ауызша тілдің көшірмесін жасауы шығады. Сөйтеді де мұнда ауызша тіл мен жазба тіл тоғысып, бір сызықтың бойымен кетеді, екеуі бір тіл болып шығады. Ал екінші жағдайда мазмұн меже басымдық таныта алмайды. Ол қанша өзгерістерге ұшыраса да, тұрпат меже тұрақтылығын сақтайды. Екінші жағдайдағы ауызша тіл мен жазба тілдің қатынасы екі түрлі тілді жасайды. В. Хаас жазу мен ауызша тіл арасын екі түрлі тіл деп қарау қажеттігін айтады. Біреуінен екіншісіне аударма жасағанда барлық уақытта бірдей, сәйкес түсе бермейді, кейде тіпті «аударылмайтын» да тұстары болады, біреуінде бар дүние екіншісінде болмайды деді. Бұл айтылғандар аталған екі бағыттың біріншісін қолдап отырған көзқарасты танытады.

Біздің ойымызша жазба тіл, жазба форма дегенді саралап алу үшін жазба сөз бен жазба мәтінді анықтап алу керек сияқты. Жазу теориясына қатысты еңбектерде бұл ұғымдар араласып, мәселені қиындатып отырған сыңайлы таңбаның екі жағы тұрғысынан қарастырылмай ауызша тіл деген – әдеби стиль болып кеткен. Тілдің мазмұн межесі – белгілі бір ойды жарыққа шығару болса, тұрпат межесі қалай шығарумен көрінеді: ауызша немесе жазбаша.

Ауызша форманың өз фонологиясы, орфоэпиялық нормалары, морфемдік құрамы, синтаксистік құрамдары, стильдік нормалары болады. Мұндағы фонетика мен морфемдік құрам бір бөлек те, лексикасы мен синтаксистік құрылымы бір бөлек. Алғашқысы дыбыстық тілдің айтылуы мен жазылуына байланысты. Мысалға біз қазақ тілінде көптік жалғау алтау, олар -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер десек, онда жазба тіл тұрғысынан ғана сөз етіп отырғанымыз. Ал ауызша сөйлеуде кездесетін – жазба форма дискретті. Тіл деңгейлерінің осы екі саласына қарасақ, жазу тілдің өмір сүруінің бір формасы болып шығады. Ауызша формасында дыбыс қоры да, морфемдік құрам да күрделі болады, жазбаша формасында шақталып морфонологиялық құбылыстар графонологиялық құбылыстарға айналады. Графонологиялық құбылыс дегенді айтқан Л.В. Зиндер болатын. И.А. Бодуэн де Куртэнэ жазудың графикалық белгілерін сол тілдің фонологиясына іздеген ірі теоретик, жазуды тілдің бір формасы деп қараған. Айтылатын-естілетін және жазылатын-көретін тіл қызметінің екі түрі дейді. «Произносительно-слуховое может возникать и мыслится совершенно независимо от писанно-зрительное не имеет смысл, осмысливается только в связи с произносительно слуховым» (Оразбаева, 2000).

Ал екі форманың сөзік қоры мен синтаксистік құрылымы тұрғысынан келгенде бір тілден екінші тілге аударуға болатын, екі тілдік жүйе ретінде қарауға болады. Сондықтан жазу теориясына қатысты еңбектерде «письменная форма речи», «письменная речь», «письменный язык», «письменность», «устная форма речи», «устная речь», «устный язык» деген терминдер қатар қолданылып келеді.

Лингвистика тілдің байлығын, мәнерлілігін танытып, тілдік бөлшектердің құрылысын, маңызын анықтайды. Ендеше, лингвистика жазылым әрекетін меңгертуде ең қажетті дағдыларды қалыптастырып, жетілдіреді.

Қазақ тілінің грамматикалық ережелерін, қолданылу заңдылығын білмейінше, тіл үйрену қиын. Сондықтан да тіл жүйесін, оның салаларын ескеріп отыру маңызды.

Жазылымды сауатты меңгеру үшін оқушы тілдік көрсеткіштер мен жазылым әрекетінде жұмсалатын қатысымдық тұлғалардың тіркесу заңдылықтарын білуі, тілдік тұлғаларды қолданудың амал-тәсілдерін үйренуі қажет. Лингвистикалық жүйеде фонетикаға, лексикаға, грамматикаға қатысты материалдар жеке емес, бәрі бірыңғай сөйлем құруға, адам ойын еркін жеткізуге жұмсалып, қызмет етуі тиіс. Демек, тілдік тұлғалардың үлкен-кіші күрделі бөлшектерінің бәрі бір мақсатқа, айтар ойды жүйелі жеткізуге жұмсалады. Сөйтіп, адамдардың тілдік қарым-қатынасы жүзеге асады, жазылым, тілдесім, тыңдалым әрекеттері өз нәтижесін береді.

Тілші, профессор Ф.Ш. Оразбаева ғылыми зерттеу жұмысында жазылымның

лингвистикалық мазмұнын белгілейтін мәселелер мыналар:

1. Графика;
2. Орфография;
3. Жазып алу;
4. Жазбаша сөйлеу, – деп белгілейді.

«Бұл салада үйретілетін ең басты мәселе – жазылымның графикасы. Графика, яғни жазу таңбалары – жазу үшін қолданылатын барлық әріптердің таңбалық жиынтығы» (Оразбаева, 2000). Бұл аталған мәселелер жазылымның тілдік қатынастағы қызметін анықтауға негіз болады.

Жазылымның лингвистикалық негізін зерттеуге арналған әдебиеттерді қалыптастыруда көптеген ғалымдар Н.Г. Агаркова, М.М. Безруких, С. Редозубов жазылымның фонетикалық дағдыларының қалыптасуына ерекше мән берді.

Өзге тілді аудиторияда қазақ тілін оқыту барысында тілдік материалды талдау барысында, бірінші – өзінің ана тілінің, екінші – үйреніп жатқан тілдің жүйесіндегі айырмашылықтарға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл жағдайда фонетиканы меңгертудегі негізгі қиыншылықтарды анықтау және қателердің алдын алу қажеттілігіне байланысты.

Қазақ тілінің жазылым әрекетін оқыту барысында фонетикалық бөлшектерді, дыбыстарды, әсіресе қазақ тіліне тән дыбыс үндестігін, тоғыз дыбысты, әріптерді, буындарды дұрыс жазуға дағдыландыру алғашқы сабақтан, түрлі жаттығу мен тапсырмаларды орындаудан басталады.

Профессор Ф.Ш. Оразбаева «Тілдік қатынаста фонетикалық дағдыларды меңгерту екі жақты болу керек». 1. Сөйлеушінің (оқушының) фонетикалық дағдыларды білуі. 2. Тыңдаушының фонетикалық дағдыларды білуі, – деп кіге бөліп қарастырады (Оразбаева, 2000).

Демек, фонетикалық дағдылар сөйлеуші үшін де, тыңдаушы үшін де қажет. Оқушыларға дыбыс пен әріп өзара біртұтас, бір-бірінен бөлуге болмайтын бүтін нәрсе ретінде үйретіледі. Дыбыс айтылған соң, дереу таңбасы – әріп көрсетіледі.

Оқушыларға графика, фонетиканы меңгертудің өзіндік ерекшелігі бар. Ол – тіл сауаттылығын жетілдірудің үлкен құралы орфоэпия мен орфографияның нормаларын меңгеруге мүмкіндік береді. Осыдан келіп тіл жүйесінің басқа салаларымен үнемі байланыста болады және оқушылардың фонетикалық дағдылардың тұрақтылығын ұамтамасыз ету үшін жүргізетін фонетикалық жаттығулар дыбыстарды жете меңгеруге мүмкіндік жасайды. Олар көбінесе дыбыстарды айту дағдысын бекіткен пысықтау жұмыстары болып табылады.

Жазылым әрекетін оқушыларға меңгертуде төмендегі мәселелерге басты назар аудару керек: бірінші, қазақ алфавитіндегі әріптерді дұрыс жазуға үйрету; екінші, қатысымдық тұлғалардың дұрыс жазылу ержелерін меңгерту; үшінші, тілдік қарым-қатынасқа қажетті сөз бен сөз тіркестердің, сөйлемдердің байланысу және жазылу заңдылықтарын игерту; төртінші, ойды жазбаша жеткізудің үлгі модельдерін меңгерту.

Фонетикалық дағдылардың дамуын қамтамасыз ететін жаттығулар сөйлеу кезінде оқушылардың өз бетімен жаңа сөздерді, буындарды дұрыс айтуына байланысты болып келеді.

Оқушы фонетика саласынан алған білімін, көңіліне түйген тұжырымдарын жинақтап тілдік қарым-қатынаста қолданылуы шарт. Бұл машық дағдылануға қарай кейде саналы түрде жүрсе, кейде қалыптасқан үйренген әдетпен жүйелі түрде іске асады. Қалай болғанда да, жазылым әрекетін меңгерту барысында қазақ тілінің тілдік құрылымын үйретудегі жаттығу, тапсырмалардың барлығы оқушылардың өз тарапынан орындалғаны тиімді. Тілдік қарым-қатынаста кез-келген жаңа сөз немесе грамматикалық материал фонетикалық дағдының ерекшелігін байқатады. Жазылымды меңгерту барысында мұғалімнің тілдік материалдың барлығын қайта түсіндіріп қайталап жатпай

(сабақтағы жиі қайталау оқушылардың ынтасын жоғалтуы мүмкін) тек қана оқушыларға бағыт-бағдар сілтеп, олардың сөйлеу дағдысын пысықтап, қадағалап отырған жөн. Ол оқушылардың тілдік қарым-қатынасты меңгеруін жеңілдетеді, тілдік жағдай жасайды. Фонетикалық дағдыларды қалыптастыруға әсер ететін тілдік материалдар мен оларды тиімді қолданудың жолдары көп.

Жазылым әрекетін меңгертуде әріп пен дыбыстан бастап, сөз ішіндегі буын мен дыбыс үндестігін сақтап, әрқайсысының заңдылықтарын дұрыс игергенде ғана жазылым жүзеге асады. Сонымен қатар, сауатты жазу әрекетінде дыбыс үндестігі ерекше орын алады. Қолданыстағы сөз ішінде дыбыстардың бір-біріне әсері өте күшті. Ол әсіресе, түбір сөз бен қосымша арасында көрінеді. Қосымшаның сөзге қалай жалғануы, қалай оқылуы, жазылуы шешіледі. Анығырақ айтқанда бұл буын үндестігі мен дыбыс үндестігіне байланысты. Бұл оқушыларға қазақ тілінің жазылым әрекетін меңгертуде екі тілдің фонетикалық заңдылығында бар сингармонизм заңдылығы. Фонетиканың бұл заңдылықтары оқушыларға сөйлесім әрекетінің түрлерін меңгертуде де маңызы зор.

Сөйлемдегі сөздер тілдік қарым-қатынаста бір-бірімен қосымшалар арқылы байланысады. Фонетиканың бұл заңдылығы әр сөйлемде, әр сөйлемдегі әр сөзбен байланысты кездесіп отырады. Бұл заңдылық тілді үйретуде жиі қолданылады. Оны білмейінше, ойды жазылым арқылы байланыстырып жеткізу жүзеге аспайды. Сондықтан да фонетиканың сингармонизм заңдылығын оқушыларға меңгертудің маңызы зор.

Алфавит қанша толық, жеңіл болғанымен жазу жүйесі онымен тәртіптеле қоймайды. Алфавиттегі әріптерде қолданудың белгілі ережесі болуы керек, яғни алфавиттегі әріптер мен сөздерді жазудың тиянақты ережесі болады. Әдетте жазу жалпыға ортақ болғаннан кейін, оның ережелері де жалпыға бірдей болып, көпшіліктің қолдануына арналады. Яғни, сөздердің жазылу ережелерінің жүйесі – орфография.

Орфография – дұрыс жазу ережелерін, нормаларын белгілейді. Ал дұрыс жазу нормаларының көздейтін негізгі мақсаты – айтайын деген ойды жазба түрде дәл, айқын, сауатты жеткізіп беру.

Орфография тілдің түрлі жақтарын және олардың байланысын бірдей ескере отырып, нақтылы қағидаларға сүйенеді. Мысалы: біріншіден дыбыстардың айтылуындағы ерекшелігі бойынша жазу; екіншіден, сөздердің қалпын емес шығу тегін сақтап жазуға, яғни тілдің ерте кездегі жазу дағдысына негізделеді де, сөздің ертеректердегі жазылуын өзгертпей сақтауды көздейді; үшіншіден, сөздердің түбір тұлғасын сақтауға негізделеді.

«Орфографиялық білім екі саланы қамтиды: Жеке лексикалық бірліктерді, сөздерді дұрыс жаза білу ережесі; Грамматикалық заңдылықтарды білу арқылы тіркесті, сөйлемдерді байланыстырып дұрыс жаза білу» (Оразбаева, 2000).

Жазылымды меңгертуде келесі назар аударуды қажет ететін мәселе тілдің фонетикалық, грамматикалық жағынан тұрақталған, тұтасталған, қалыптасқан белгілі бір атау бірлігі – сөз екені белгілі. Демек, қатысымдық тұлғалардың ішіндегі жазылымды меңгертуде негізгі рөл атқаратын және басқаларына ұйытқы болатын басты тұлға – сөз. Сөз арқылы баяншы айтар ойын қабылдаушыға анық жеткізуге тырысады. Сөздің бұл қасиетін түсінбей қатысым құралы ретінде тілді меңгеру мүмкін емес. Себебі профессор Ф.Ш. Оразбаеваның сөзімен айтқанда, «Сөздерді жеке-жеке алып қолдансақ, онда олар тілдің дара тұлғалары болғанымен, қарым-қатынас тілі бола алмайды» (Оразбаева, 2000). Олай болса, тілдік тұлғалардың қатысынан тұратын, қарым-қатынастық мәні бар бірліктер-қатысымдық тұлғаларды ұтымды ұйымдастыру қажет. Адамның сөйлесуі, пікірлесуі үшін тілдік қолданысқа керекті лексикалық құралдардың жүйесі ерекше орын алады. Өйткені адам жазуды, сөйлеуді білуі үшін айтайын деген ұғымға қатысты сөздерді және сол сөздерді дұрыс жұмсаудың амалдарын меңгеруі керек. Бірақ бұл сөздер өзара байланыспай, бір-бірімен тіркеспей жеке тұрғанда ойды жазбаша жеткізуде қабілетсіз. Ал, сөздердің жүйелі, ретті айтылуынан жасалған сөздерден, сөйлемдерден ой бірден

түсінікті болады. Демек, тілдік қатынас-құралы ретінде қызмет атқаруы үшін, оның лексикасындағы алуан түрлі сөздердің бір-бірімен қарым-қатынаста қолданылуы және олардың тіркесуінен сөйлемдердің құралуы шартты нәрсе (Лоукотка, 1984).

Тіл үйрету әдістемесінде лексикалық материалды қазақ тілінің лексика жүйесіндегі сөздің мына қасиеттеріне ерекше назар аудару қажет.

1. Сөздердің қолданылу жиілігі;
2. Сөздердің жеңіл-қиындығы;
3. Сөздің синонимдік қасиеті;
4. Сөздің тақырып қажеттігіне сәйкестігі;
5. Сөздің дыбыстық ерекшелігін қамтуы;
6. Сөздің тіл үйренушінің психологиялық ерекшелігіне сәйкестігі;
7. Сөздердің оқулықта қолданылу жиілігі.

Аталған ерекшеліктерді назарда ұстау жазылымды меңгертудегі лингвистикалық ерекшеліктер болып табылады.

Сөздің тағы бір ерекшелігі – грамматикалық формасы. Әрбір сөз нақты мағынаға ие, ал грамматикалық мағына ұғынықты болғанымен, грамматикалық тәсілдер арқылы байланысқа түспесе сөз тіркесі, сөйлем, жаттығу орындалмайды. Сонымен бірге сөздің грамматикалық мағынасы бірнеше болуы мүмкін. Сондықтан жазылым әрекетін меңгертуде маңызды рөл атқаратын қатысымдық тұлғаның бірі – сөздің грамматикалық формалар арқылы байланысқа түсуі. Сондықтан да сөз – басқа лексикалық бірліктермен қалыптасқан ережелердің нәтижесінде тіркесе келіп, сөз тіркесін, сөйлемдерді құруға негіз болады және тілдегі ең басты лексикалық тұлға ретінде есептеледі. Осының негізінде, қазақ тілін меңгеру лексиканы сауатты үйренумен тығыз байланысты. Қазақ тілінің лексика саласын оқушыларға меңгертуде сөйлеу процесіндегі барлық лексикалық тұлғаларды оқып-білу деген сөз. Демек, тілдік қатынаста өзіндік орны мен маңызы бар қатысымдық тұлғалардың бірі ғалымның айтқанындай «сөз және тұрақты сөз тіркестері» (Оразбаева, 2000).

Тілдік қатынаста тиянақты ойды жеткізетін басты тұлғаның бірі – сөйлем. Адам ойын, сөйлем құрастырудың заңдылықтарын біле отырып, айтпақ ойын, пікірін сауатты етіп жеткізуге тырысады. Автор баяншының жүйелі, дұрыс жазған сөйлемі арқылы жазылымды қалыптастырады. Демек, тілдік қарым-қатынастың орындалуына тікелей себепкер болатын ең басты да қажетті тұлға – сөйлем. Сөз, сөз тіркесі өз беттерімен бұл қызметті атқара алмайды. Осыған байланысты К. Аханов былай дейді: «Сөйлем – ең басты тілдік единицалардың бірі, оның толық қатысымдық қызметі бар синтаксистік единица» (Аханов, 1955).

Ғалым С. Аманжолов сөйлем жөнінде: «Сөйлем дегеніміз – кейде ұзын ойдың бір бөлшегін, кейде қысқа ойдың бүтінін қармайтын сөздер тобы» - деп сипат береді (Аманжолов, 2005). Ал сөйлемнің қатысымдық қызметі жөнінде профессор Ф.Ш.Оразбаева: «Сөйлем – тілдік қатынастың орындалуына тікелей себепкер болатын ең қажетті тұлға. Сөйлем баяншының жеткізетін деген ойын, қабылдаушыға түсінікті етіп қана қоймай, сонымен бірге, оның кері жауап беруінің көрсеткіші де болып табылады. Тілдік тұлға ретінде ойды білдірумен қатар адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асырушы тілдесім жолы» деп анықтама береді (Оразбаева, 2000).

Ғалымдардың келтірілген ой-пікірлерінен жазылым әрекетін іске асырудағы сөйлемнің маңызын, сөйлемсіз ойды жеткізудің мүмкін еместігін түсінуге болады. Сөйлем барлық тілдік тұлғаларға ұйытқы болатын қажетті бөлшектердің бірі. Сондықтан сөйлем, оның құрылысы, орны, түрлері туралы мәліметтерді меңгеру жазылым әрекетін үйрену үшін өте қажет.

Жазылымды жаттығулар арқылы үйрету барысында сөйлемнің ең қажетті, жазу тілінде жиі қолданылатын түрлерін меңгертуде ерекше мән берген жөн. Ғылыми

грамматикада сөйлемнің бірнеше түрге бөлінетіні белгілі. Жазылымда жай сөйлемнің осы түрлерінің бәрі де кездеседі. Көркем әдебиет, көркем шығарма тілі, мезгілдік баспасөз тілі, әрбір салаға байланысты жазылған кітап беттерінде сөйлемнің түрлері жазылым арқылы бірінде жеңіл жазылса, енді бірінде күрделі түрде жазылады.

Тілдік қарым-қатынаста жүзеге асыру үшін тұрақты сөз тіркесі тілді үйренудің, әрі ойлаудың негізі, әрі бір-бірімен мағыналы екі сөздің белгілі бір байланысқа түсуі. Сонымен бірге сөз, сөз тіркесін, тұрақты тіркестерді игерту барысында кез-келген сөзді бір-бірімен тіркестіре салуға болмайтынын, өзара мағыналық байланыста айтылатын сөздерді ғана байланыстыруға болатындығын жаттығулар мен тапсырмалар арқылы түсіндіру қажет. Жаттығу жұмыстарында тұрақты сөз тіркестері, белгілі бір іс-әрекетті суреттеп, баяндауда ерекше қызмет атқарады және әр түрлі сипаттағы жаттығудың түрлері қызығушылықты арттырады. Жазылым әрекетін меңгертуде тұрақты сөз тіркестері сөйлем ішінде адам ойын жеткізуде белгілі бір ұғымды білдірумен көрсетуімен қымбат. Тұрақты сөз тіркестерінің қатысымдық ерекшеліктері олардың құрамында бірнеше сөздердің тіркесіп келуі жағынан көрінбейді, керісінше сол бірнеше сөздің қатыса келіп, әрі аталуы, әрі экспрессивті мағынаны білдіруі арқылы қатысымдық және ақпараттық мәнге ие болуынан анықталады.

Грамматика бүкіл тілдік қарым-қатынастың өзегі. Өйткені жазылым әрекетінде грамматикалық жағынан бір-бірімен орын тәртібін сақтап, байланыспаған сөздер мен тіркестер адамның ойын жеткізе алмайды. Сондықтан да сөздер белгілі бір мағынаны білдіре келіп, өзара байланысқан бір бүтін жүйені құрайды, яғни тиянақталған ойды білдіретін сөйлемге айналады. Сөздер жеке тұрғанда белгілі бір атаулық мағынаны білдіреді. Мысалы, мезгілдің, қимылдың, іс-әрекеттің, құбылыстың сипатын анықтайды. Олар бір-бірімен грамматикалық байланысқа түсіп, атаулы мағынамен қатар, ойдың мазмұнын да жеткізеді.

«Грамматика бір-бірімен байланысты екі сала – морфология мен синтаксистен құралады. Морфология сөздердің морфологиялық құрылымы мен типтері, морфема мен оның түрлері, сөздердің түрленуі, олардың формалары және сөздердің лексика-грамматикалық топтары туралы ілім. Ал синтаксис – сөз тіркесі мен сөйлем, олардың құрылымы мен түрлері, сөздердің сөйлемде тіркесуі туралы ілім» (Қазақ Совет Энциклопедиясы, 1974).

Тіл білімінің әрбір саласының қарастыратын тілдік тұлғалары бар. Грамматика тілдегі грамматикалық тұлғаларды және олардың басын қосып, ұйымдастыратын, тілдік қатынас жасауда іске жарататын, әрі олардың бір-бірінен жігін ажырататын тәсілдер мен құралдарды зерттейді.

Грамматикада сөздің басқа тұлғалардың атқаратын қызметі ерекше. Сөзден алуан грамматикалық құбылыстар тарайды және сөзге келіп тіріледі. Сөз, біріншіден, грамматикалық жүйенің ішінде морфемамен бірлікте болып, бұл сөз бен морфема бір-бірімен өзара тығыз байланысқа, қарым-қатынасқа түскен күйінде грамматикалық құбылыстың морфологиялық саласын құраса, екіншіден, сөз тіркесі және сөйлеммен өзара қарым-қатынасқа, тығыз байланысқа түсіп, олармен бірге грамматикалық құбылыстың синтаксистік саласын құрайды. Сөз де, сөз тіркесі де сөйлем құрауға қажетті бірліктер ретінде қызмет атқарады. Сөйлем ойды айтып жеткізудің негізгі құралы болып саналады да, тілдік қарым-қатынасты сөйлем арқылы, сөйлем құрамында қолданылу арқылы атқара алады. Сондықтан да сөздер бір-бірімен грамматикалық қатынасқа түскенде ғана, олардан сөз тіркестері мен сөйлемдер жасалады. Сонымен грамматикалық сөз, сөз тіркесі сөйлемнің аралығындағы грамматикалық қатынастарды, олардың құрылымын зерттейтіндігін жете меңгерту жазылымды өз дәрежесінде жүзеге асыруға көмектеседі.

Жазылым әрекетін меңгертуде грамматикалық тұлғалардың ерекшеліктері:

1. Қазақ тілінің жалғамалы тілдер қатарына жататын ерекшелігіне байланысты. Тілдегі сөз тіркесі мен сөйлем құруға әсер ететін әрбір аффикс, олардың жұмсалыу амалы, тәсілдері – ойды жеткізуге қызмет ететін қажетті бөлшектер. Қазақ тілінің жалғамалылық ерекшелігі – оны басқа тілдерден ажырататын ең негізгі өзгешелігі.

2. Байланысқа түсетін түбірлердің тұрақты болуы, олардың өзгермейтін тиянақтылығы. Түбірді дұрыс табу арқылы сөздерді қатесіз, сауатты жазуға қалыптасады. Сөйлемдерді құрастыру үшін мағынасын дұрыс түсініп, оған қажетті жалғауларды жалғап, оны екінші сөзбен байланыстырады. Одан сөз тіркесін жасайды, сосын сөз тіркестерінен сөйлем құрап, жаттығу жұмыстарын орындайды. Сөйлем құрай білу – айтылмақ ойды жеткізудің негізі. Мұндайда оған қажетті басты материал қазақ тілінің жалғаулары.

3. Қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктері мүмкіндігінше ана тілімен ұқсастығы және айырмашылығы қатар үйретілгені дұрыс.

4. Сөйлеу тіліне ең қажетті материалдың бірі – етістік. Жазылымды үйретуде басқа сөз таптарына қарағанда етістік бірінші кезекте өтіледі. Себебі сөйлем баяндауышсыз жасалса, ой аяқталмайды. Ой аяқталмаған жерде тілдік қатынас та іске аспайды.

Сонымен, жазылым әрекетін меңгертудің лингвистикалық негізінде фонетикалық дағдыларды қалыптастыру үшін жүретін жаттығу жұмыстарының бәрі іс-жүзінде дұрыс сөйлеу, жазу үрдісін жүзеге асыру мақсатын көздей отырып, ол жалпы оқыту жүйесінің бір бөлшегі ретінде басқа тілдік материалдармен байланысты қарастырылады. Сөз тіркесін айту, ойды сөйлем арқылы жеткізу тек грамматикалық заңдарға ғана қатысты емес, лексикалық заңдарға да тікелей қатысты, байланысты. Сондықтан да тілдік тұлғаларды меңгертуде барлық заңдылықтарды біртұтас пайдаланып, бірге оқытқанда ғана жазылым әрекетінде оң нәтиже береді. Тілдегі қатысымдық тұлғалардың барлығы жазылымды меңгертуде түрлі деңгейдегі жаттығу мен тапсырмалар жүйесін сауатты орындай білуге баулиды. Сонымен қатар жазылым процесінде басты орын алатын – сөз бен сөздің байланысы, грамматикалық формалар мен мағыналар, сөздердің тіркесі, сөзжасам – осының бәрі тіл білімінің салаларында қарастырыла келіп, грамматиканың дамуына қанша әсер етсе, тілдік қарым-қатынасқа, жазылым әрекетінің жүзеге асуына сонша ықпал етеді. Сондықтан еңбекте жазылым әрекетін лингвистикалық жағынан қарастыру барысында жазылымға қатысты графика, орфография, фонетикалық ерекшеліктер, сөздің, сөйлемнің мағыналық жақтары, тәрбиілік мәні жоғары мәтін, пікірлесім басшылыққа алынады.

Қорытынды

Сөйлесім әрекетінің барлық түріне үйрету тілдің негізіне сүйенеді. Сондықтан да тіл үйрету процесінде лингвистиканың негізі зор. Лингвистика тілдің байлығын, мәнерлілігін танытып, тілдік бөліктердің құрылысын, маңызын айқындайды. Олай болса, лингвистика жазылым әрекеті мен оның түрлерін меңгертуде маңызды тілдік дағдыларды қалыптастыруда негіз болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

Амирова, Т.А. (1985). *Функциональная взаимосвязь письменного и звукового языка*. Мәскеу.

Аханов, К. (1955). *Қазақ тілі лексикасының мәселелері*.

Балақаев, М. (1965). *Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері*. Алматы.

Виннер, Н. (1958). *Кибернетика общества*. Мәскеу.

Гельб, И.Е. (2004). *Жазуды үйрену тәжірибесі (Грамматология негіздері)* (Л.С.

Горбовицкая & И.М. Дунаевская, ауд.).

Зиндер, Л.Р. (1987). *Очерки общей теории письма*. Ленинград: Прогресс.

Қазақ Совет Энциклопедиясы (1974). Алматы.

Локк, Д. (1960). *Опыт о человеческом разуме*. Книга 3. Мәскеу.

Оразбаева, Ф.Ш. (2000). *Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі*. Алматы.

Соссюр, Ф. (1977). *Курсы общей лингвистики*. Мәскеу.

References

Akhanov, K. (1955). *Issues of Kazakh language vocabulary*.

Amirova, T.A. (1985). *Functional relationship between written and spoken language*. Moscow.

Balakayev, M. (1965). *Issues of Kazakh language culture*. Almaty.

Gelb, I. E. (2004). *The study of writing: The foundations of grammatology* (L.S. Gorbovitskaya & I.M. Dunaevskaya, Trans.).

Kazakh Soviet Encyclopedia (1974). Almaty.

Locke, J. (1960). *An essay concerning human understanding*. Book 3. Moscow.

Orazbayeva, F. Sh. (2000). *Theory and methodology of language communication*. Almaty.

Saussure, F. de. (1977). *Course in general linguistics*. Moscow.

Wiener, N. (1958). *Cybernetics and society*. Moscow.

Zinder, L. R. (1987). *Essays on the general theory of writing*. Leningrad: Progress.

K. Kurmantay

Gymnasium No. 105 named after Oraz Zhandosov, Almaty, Kazakhstan

(E-mail: kurmantaykarina@mail.ru)

The Linguistic Foundation of Forming Critical Opinion in Written Language Development

Abstract. The issue of linguistic signs was first explored in ancient times by renowned philosophers such as Aristotle and Democritus. Since then, two major approaches emerged in the works of ancient Greek philosophers and grammarians. The first holds that elements of language (words, sentences) should be considered as signs; the second views these signs as inherently connected to human thought and reasoning. Later, the Stoic school also paid attention to the nature of linguistic signs. As a specific aspect of semiotics, language became a concrete theoretical problem in the 18th century. In the 19th–20th centuries, the elements of linguistic signs were studied within historical-comparative linguistics and logic. In the 20th century, this idea gained prominence as a major philosophical trend across linguistics, psychology, logic, and aesthetics.

This article examines the philosophical and linguistic foundations of the sign-based nature of language. Drawing on the works of Aristotle, Democritus, the Stoics, John Locke, Charles Peirce, Charles Morris, and Ferdinand de Saussure, the article analyzes the concept of linguistic signs from various perspectives. The author addresses both the phonetic (signifier) and semantic (signified) aspects of signs, describing the development of language as a sign system. The study highlights the interdisciplinary connections between semiotics, philosophy, and linguistics.

Keywords: linguistic sign, written speech, word, writing system.

К. Курмантай

Гимназия №105 имени Ораза Жандосова, Алматы, Казахстан

(E-mail: kurmantaykarina@mail.ru)

Лингвистическая основа формирования критического мнения в развитии письменной речи

Аннотация. Проблемой языкового знака впервые занимались еще в древние времена известные философы Аристотель и Демокрит. С тех пор в трудах древнегреческих философов и грамматистов сложилось два направления. Первое направление предполагает, что элементы языка (слово, предложение) следует рассматривать как знаки; второе – что эти знаки связаны с мышлением и суждением человека. Позднее школа стоиков также обратила внимание на природу языкового знака. Как отдельный аспект семиотики, язык стал самостоятельной теоретической проблемой в XVIII веке. В XIX–XX веках языковые знаки рассматриваются в рамках историко-сравнительного языкознания и логики. В XX веке эта идея заняла особое место как основное философское направление во всех гуманитарных науках – лингвистике, психологии, логике и эстетике.

В данной статье рассматриваются философские и лингвистические основы знаковой природы языка. С опорой на труды Аристотеля и Демокрита, школы стоиков, Дж. Локка, Ч. Пирса, Ч. Морриса и Ф. де Соссюра анализируется понятие языкового знака в различных научных контекстах. Автор уделяет внимание как звуковой стороне знака (означающему), так и смысловой (означаемому), описывая становление языка как знаковой системы. Статья выявляет взаимосвязь между семиотикой, философией и лингвистикой.

Ключевые слова: языковой знак, письменная речь, слово, письмо.

Автор туралы мәлімет:

Қурмантай К. – Ораз Жандосов атындағы №105 гимназия, Алматы, Қазақстан.
ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-8881-2543>

Information about authors:

Kurmantay K. – Gymnasium No. 105 named after Oraz Zhandosov, Almaty, Kazakhstan.
ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-8881-2543>

Сведения об авторах:

Курмантай К. – Гимназия №105 имени Ораза Жандосова, Алматы, Казахстан.
ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-8881-2543>

